

## **БЕКІТЕМІН**



«ХАТУ» АҚ Ғылыми-зерттеу  
кызметіндеңігі проректор  
К.В. Колесникова

*Лю*

2024

# **ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСТІҚ БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ НЫСАНЫНДАҒЫ ONLINE (ОНЛАЙН) ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ**

## **1 ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

1. Әдіstemелік нұсқаулық Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 126 «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережені бекіту туралы» бұйрығы мен «Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті» АҚ-ның Диссертациялық кеңес туралы ережеге (ары қарай – Ереже) сәйкес диссертациялық Кеңестіқ бейнеконференция нысанындағы online (онлайн) отырысын өткізу үйымдастырудың бірыңғай рәсімін бекіту мақсатында өзірленді.

## **2 ТАРАУ. ДИССЕРТАЦИЯНЫ БЕЙНЕКОНФЕРЕНЦИЯ ТУРІНДЕ КОРГАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУГА КОЙЫЛАТЫН НЕГІЗГІ ТАЛАПТАР МЕН ҰЙЫМДАСТЫРУ**

2. Диссертациялық кеңес докторантқа, диссертациялық кеңес мүшелеріне, ресми рецензенттерге диссертациялық кеңес отырысын бейнеконференция нысанында өткіzetіні туралы электрондық пошта және кеңестіқ сайтында хабарлама беру арқылы диссертация қорғауға кем дегенде 5 (бес) жұмыс күні қалғанда хабарлайды.

3. Диссертациялық кеңестіқ отырысын бейнеконференция нысанында өткізу кемінде:

- ✓ отырысқа қатысушыларды визуалды сайkestендіру;
- ✓ отырысқа қатысушылардың сөйлеген сөздерін Интернет желісінде уздіксіз бейне және аудиотрансляциялау;
- ✓ отырыстың бейне-және аудиожазбасы;
- ✓ диссертациялық Кеңес мүшелерінің жасырын дауыс беруі.

4. Диссертацияны бейнеконференция турінде қорғау кол жетімді онлайн платформалардың бірінде (Zoom, Microsoft Teams және басқалары) жузеге асырылады.

5. Диссертацияны бейнеконференция турінде қоргауды ұйымдастыру үшін диссертациялық Кеңестің барлық мүшелері, ғылыми кеңесшілер, ресми рецензенттер, докторант қорғауға дейін тиісті бағдарламаны орнатуы керек (мысалы, Zoom <https://zoom.us/>). Компьютердегі веб-камера, динамиктер/құлаққаптар, микрофоны бар компьютердің болуын қамтамасыз етілуі керек. Ұялы телефон арқылу қатысуға жол берілмейді.
6. Бейнеконференцияға қосылған кезде докторант, диссертациялық кеңес мүшелері, ғылыми кеңесшілер, рецензенттер және отырыстың басқа да қауысушылары сәйкестендіру үшін бейнекамераны міндettі түрде қосуы керек және аты-жөні көрсетіледі.
7. Ғылыми хатшы отырыс басталғанға дейін докторанттың және диссертациялық Кеңес мүшелерінің жеке басын сәйкестендіруді жүргізеді.
8. Қорғау басталғанға дейін диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, докторант баяндамасының, ғылыми кеңесшілердің пікірлерін, ресми рецензенттердің пікірлерінің электронды нұсқасының және басқа қорғауға қажетті құжаттардың түгелдігін тексереді.
9. Қорғаудың бейнежазбасын бағдарламаның тиісті функционалын пайдалана отырып ғылыми хатшы мен докторант жузеге асырады.
10. Диссертациялық кеңес отырысы барысында бір қатысушы сөз сөйлеп жатқан уақытта басқа қатысушылар микрофондарын өшіреді.
11. Сұрақ қоюға ниет білдіргендер қолын көтереді немесе арнайы функцияны (мыласы, Zoom-дағы «қол көтеру») қолданады.

### **3 ТАРАУ. ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТАҮРУ**

12. Диссертациялық кеңестің отырысында жасырын дауыс беру үшін бейнеконференция форматында Google Forms сервисі пайдаланылады.
13. Ғылыми хатшы Google Forms сілтемесін диссертациялық Кеңес мүшелерінің Gmail электрондық мекен-жайларына, сондай-ақ ресми рецензенттерге жібереді.
14. Дауыс беруге қатысуға құқығы бар Диссертациялық кеңестің мүшелері, сондай-ақ ресми рецензенттер жасырын дауыс беруге қатысу үшін Gmail сервисінде алдын ала тіркелгі жасауы тиіс.
15. Дауыс беру құқығы бар Диссертациялық кеңестің мүшелері мен ресми рецензенттер өздерінің Gmail тіркелгісіне браузерлердің бірінде (Mozilla, Chrome, Opera) алдын ала кіріп, бейнеконференция кезінде браузерді жаппауы керек.
16. Қорғау басталғанға дейін дауыс беруге қатысушылар өздерінің Gmail электрондық мекен-жайларын диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысына ұсынуы керек.
17. Ғылыми хатшы қорғаудан бұрын әрбір өтініш беруші үшін Google Forms жасайды.
18. Төраға жасырын дауыс беруді бастағанын жариялағаннан кейін, ғылыми

хатшы Google Forms сілтемесін кеңес мүшелерінің және дауыс беруге құқығы бар ресми рецензенттердің Gmail электрондық мекенжайларына жібереді.

19. Дауыс беру аяқталғаннан кейін ғылыми хатшы нәтижелерді экранда көрсетіп, оларды жариялады.

**Әзерленді:**

**Ғылыми кадрларды даярлау  
департаментінің директорының м.а**



**Есмурзаева А.Б.**